

**«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының
«Жамбыл облысы бойынша КДИ»**

СТРАТЕГИЯ 2029
**Білім берудің жаһандық
кеңістігіне кірігу**

ТАРАЗ

Тараз, 2025

Педагог – елдің
болашағын
қалыптастырудағы негізгі
тұлға болғандықтан,
қоғамда оған лайықты
орын берілуі тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт
Тоқаевтың республикалық Тамыз
конференциясындағы сөзінен



Қазіргі орта білім беру жүйесінде «Өрлеу-Жамбыл» даму бағдарламасы аймақтың ғана емес, жалпыұлттық басымдықтардың да дамуына айтарлықтай ықпал ете отырып, стратегиялық маңызы бар орын алады.

«Өрлеу-Жамбыл» педагогтердің кәсіби өсуінің негізгі қозғаушы күші ретінде әрекет етеді және олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Бағдарлама аясында пәндік білімді тереңдету, басқарушылық және көшбасшылық құзыреттерді қалыптастыру, заманауи оқыту мен білім беру әдістерін меңгеру, цифрлық технологияларды пайдалану, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау мен балалардың әл-ауқатына қамқорлық көрсету бағыттарына ерекше мән беріледі.

Бұл шаралардың барлығы адам капиталын нығайтуға және Жамбыл облысының әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің артуына тікелей ықпал етеді.

МАЗМҰНЫ:

1-Бөлім

Аймақтық аспект

2-Бөлім

Миссия, көзқарас және
құндылықтар

3-Бөлім

Ағымдағы жағдайды
талдау (SWOT-талдау)

4-Бөлім

Бағдарламаның
стратегиялық блогы

01

ӨҢІРЛІК АСПЕКТ

Жамбыл облысы бойынша кәсіби даму институты - «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамының филиалы. Институт 70 жылдық тәжірибеге, заманауи технологияларға және дәлелді педагогика қағидаттарына сүйене отырып, педагогтердің біліктілігін арттыруды жүзеге асырады. Негізгі басымдық инновацияларға және білім берудегі халықаралық тәсілдерді енгізуге бағытталған.



02


МИССИЯ, КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

2029 жылға қарай «Өрлеу»-Жамбыл педагогикалық инновациялар, цифрлық оқыту және ғылыми-әдістемелік сараптама бойынша өңірлік орталыққа айналады. Стратегияның мақсаты - заманауи білім беру шешімдерін енгізу, зерттеу және цифрлық мәдениетті дамыту, педагогикалық көшбасшылықты қалыптастыру және жаһандық білім беру кеңістігіне кірігу арқылы педагогтердің тұрақты кәсіби дамуын қамтамасыз ету.

03

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ
SWOT-ТАЛДАУ

«Өрлеу-Жамбыл» кәсібилікке, инновацияларға және жауапкершілікке ұмтылысты бейнелейді. Институт үздіксіз даму, ғылыми негізділік пен цифрлық трансформация мәдениетін ілгерілетеді, ынтымақтастыққа ашық болып, білім берудегі дәлелді тәсілдерге сүйене отырып, өңір педагогтарына сапалы қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.



04

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

«Өрлеу-Жамбыл» стратегиясы тұрақты дамуға, жылдам бейімделуге және инновацияларға цифрлық технологиялар мен халықаралық ынтымақтастық арқылы қол жеткізуді көздейді. Басты басымдықтар - ғылыми әлеуетті дамыту, дәлелді педагогиканы ілгерілету және сараптамалық команданы қалыптастыру. Цифрлық трансформация педагогтердің кәсіби өсуінің қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етеді.



05

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Өрлеу-Жамбыл» педагогтердің құзыреттілігін арттыру, зерттеулер мен цифрлық технологияларды дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, сапаны мониторингілеу және кадрлық әлеуетті нығайту стратегиясын жүзеге асырады. Бұл мақсатқа курстар, инновациялар, жобалар және көшбасшылар қауымдастығын құру арқылы қол жеткізіледі.



1-БӨЛІМ

ӨҢІРЛІК АСПЕКТ

«ДӘСТҮРДЕН ИННОВАЦИЯҒА: ЖЕТПІС ЖЫЛДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОЛ»

«Өрлеу-Жамбыл» - 70 жылдық тәжірибесі бар, педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша жетекші орталық.

Ол инновациялық технологияларды, ғылыми-зерттеу әлеуетін және халықаралық ынтымақтастықты дамытып келеді.

Негізгі жетістіктері - үздіксіз даму жүйесін қалыптастыру, цифрлық инфрақұрылымды нығайту және дәлелді педагогика арқылы білім сапасын арттыру.



Институттың сенімділігі мен тұрақтылығын дәлелдейтін **70 жылдық** тарих пен сабақтастық.



Өңірлік және ұлттық білім беру қажеттіліктерін ескере отырып **әзірленген бірегей әдістемелік база.**



Қазіргі заманғы оқыту форматын қамтамасыз ететін озық цифрлық шешімдердің (**LMS, онлайн-курстар**) енгізілуі.



Институттың кәсіби қауымдастықтағы беделін арттыратын ұлттық және халықаралық білім беру жобаларына белсенді қатысу.



Ғылыми дәрежелері мен тәжірибелік құзыреттері бар мықты сарапшылар тобы, педагогтарды жоғары деңгейде даярлауды қамтамасыз етеді.



Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыратын дәлелді педагогика мен зерттеу **қызметіне баса назар аудару.**



Тәжірибе мен инновациялар алмасуды ынталандыратын өңірлік педагогикалық қауымдастықты дамыту.



LMS



BELES



MOOC

**70 ЖЫЛ
ІШІНДЕ**



**ДАЙЫНДАДЫ
ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН
АРТТЫРДЫ**

**ӨҢІРДІҢ 30 000-НАН
АСТАМ ПЕДАГОГЫН**

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚДИ

Институт түлектері заманауи білім беру технологияларын табысты енгізіп, облыстың мектептері мен білім беру ұйымдарында жетекші лауазымдар атқарып келеді, ғылыми-зерттеу жобалары мен халықаралық байқауларға қатысып, өңірдегі білім сапасы мен тиімділігін арттыруға елеулі үлес қосуда.

«Өрлеу-Жамбыл» курстарының тыңдаушылары инновациялық және цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне белсенді енгізіп, түрлі кәсіби байқауларда жүлделі орындарға ие болуда, ғылыми жобаларға қатысып, өз еңбектерін жариялауда. Олар көшбасшылық қасиеттерін дамытып, басқарушылық қызметтерді атқарып, кәсіби дамуға және тәжірибе алмасуға белсене қатысуда.

2-БӨЛІМ

МИССИЯ, КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:



Жамбыл облысы педагогтарының кәсіби дамуының тұрақтылығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету — инновациялық білім беру шешімдерін енгізу, зерттеушілік және цифрлық мәдениетті дамыту, педагогикалық көшбасшылықты қалыптастыру және жаһандық білім беру кеңістігіне тиімді интеграциялану арқылы іске асырылады.

КӨЗҚАРАС



«Өрлеу»-Жамбыл филиалы – педагогтардың инновациялық кәсіби дамуын қамтамасыз ететін, білім беру сапасының жоғары стандарттарымен ерекшеленетін, цифрлық технологиялар мен дәлелді педагогиканы тиімді енгізетін, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық пен ғылыми-зерттеу әлеуетін дамытудың табысты үлгісін қалыптастырған өңірлік жетекші орталық болуға ұмтылады.

НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕР



«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» АҚ өңірлік филиалдарының ішінде білім беру бағдарламаларының сапасы бойынша үздік үштікке ену



Кері байланыс нәтижелері бойынша тыңдаушылардың қанағаттану деңгейін 90% және одан жоғары деңгейде қамтамасыз ету



Жыл сайын қосымша білім беру ұйымдарының ұлттық және салалық рейтингтерінен тұрақты орын алу



Филиалды педагогикалық инновациялар мен білім беруді цифрландырудың өңірлік орталығы ретінде орнықтыру



Кәсіби даму саласындағы жетекші сараптамалық алаң мәртебесін бекіту



Ғылыми-әдістемелік материалдар бойынша ең жиі жарияланатын және дәйексөз келтірілетін филиалдардың қатарына ену



Институттың желілік өзара іс-қимылды үйлестіруші және үздік тәжірибелерді таратушы орталық ретіндегі рөлін кеңейту

БІЗ ҰМТЫЛАМЫЗ

Педагогикалық инновациялар, ғылыми сараптама және цифрлық трансформация бағыттарында **өңірлік жетекші орталық болуға**

Педагогтардың кәсіби біліктілігін **тұрақты және сапалы арттыруды**, практикалық нәтижелерге бағдарланған оқыту арқылы қамтамасыз етуге

Білім беру жүйесінде дәлелді **педагогика мен қолданбалы зерттеулер мәдениетін дамытуға**

Ортақ құндылықтар мен өзара ынтымақтастыққа негізделген **педагогтардың кәсіби қауымдастығын қалыптастыруға**

Кәсіби даму процесіне заманауи цифрлық шешімдерді (**LMS, EdTech, онлайн-оқыту**) тиімді енгізуге

Халықаралық және өңіраралық серіктестікті нығайту арқылы тәжірибе алмасу мен білім беру көкжиегін кеңейтуге

Білім беру ұйымдарына әдістемелік сүйемелдеу көрсететін, үздік тәжірибелер мен идеялар алмасуға арналған кәсіби диалог алаңы болуға

Педагогтардың **көшбасшылық әлеуетін дамытуға және олардың «Болашақ мектебін» қалыптастыру үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етуге**

Оқыту сапасы, нәтижелілігі және инновациялық тәсілдері арқылы мұғалім мамандығының қоғамдық беделін арттыруға

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



«Өрлеу»-Жамбыл – бұл ортақ мақсаттар мен рухани құндылықтар тоғыстырған, білім беру сапасын арттыруға және қоғамның зияткерлік әлеуетін көтеруге ұмтылған адамдар қауымдастығы.

Біздің жанашыр сарапшылар мен педагогтардан құралған команда өңірдің тұрақты дамуына өз үлесін қосып, әрбір педагог пен білім алушының жеке және кәсіби өсуіне жағдай жасайды. Осы арқылы біз өңірдің білім беру кеңістігінде беделді, біртұтас кәсіби қауымдастық қалыптастырамыз.

Біздің негізгі құндылықтарымыздың түп қазығы – адам, өйткені ол бүкіл білім беру үдерісінің өзегі болып табылады.

Кәсібилік – сапаға ұмтылу, жауапкершілік пен үздіксіз жетілу арқылы өркендеу.

Ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу – бірлесе дамудың және ортақ табыстың берік іргетасы.

Үздіксіз даму – табысқа жетудің басты шарты; біз өз қызметкерлеріміз бен педагогтардың тұрақты кәсіби және тұлғалық өсуін әрдайым қолдаймыз.

АДАЛДЫҚ

Адалдықты сақтау үшін біз ашық қарым-қатынас жасап, этикалық нормаларды ұстанамыз, өз шешімдеріміз үшін жауапкершілік аламыз және барлық үдерістер мен өзара әрекеттесулерде ашықтықты қолдаймыз.

АШЫҚТЫҚ ПЕН ҚАТЫСУ

Біз шешімдердегі ашықтыққа, ашық диалогты қолдауға, педагогтар мен серіктестердің белсенді қатысуына, сондай-ақ ынтымақтастық пен ақпарат алмасуға арналған қолайлы платформалар құруға ұмтыламыз.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЕРКІНДІК

Біздің академиялық еркіндікке қол жеткізуге бағытталған ұмтылыстарымыз бен қолдауымыз дербес ойлауға жағдай жасау, зерттеу бастамаларын ынталандыру, ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету және идеяларды еркін білдіру құқығын қысым мен шектеусіз қорғауды қамтиды.

ҚҰРМЕТ ЖӘНЕ ЭТИКА

Біз адалдық, төзімділік және әділдік қағидаттарын ұстанамыз, ал кемсітушілікке, негізсіз көзқарасқа және кәсіби нормаларды бұзуға жол бермейміз. Біз білім беру қызметкерлері мен зерттеушілерге құрметпен қараймыз, олардың үлесін бағалаймыз және кәсіби қызметте этикалық стандарттарды сақтаймыз.

3-БӨЛІМ

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ (SWOT-ТАЛДАУ)

КҮШТІ ЖАҚТАР

Филиалдың тренерлері оқу бағдарламаларының мазмұнын терең меңгерген, жаңа білім мен тәжірибені ұсыну барысында жоғары кәсіби құзыреттілік пен педагогикалық шеберлікті танытады. Сабақтар құрылымының жүйелілігі мен кезеңдерінің қисынды сабақтастығы оқу үдерісінің тиімділігін арттырады.



Қолданылатын оқыту әдістері мен тәсілдері сабақтың мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне толық сәйкес келіп, білім алушылардың белсенді қатысуына және тәжірибелік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Филиалдың ұлттық деңгейдегі білім беру жобаларына белсенді араласуы білім саласындағы стратегиялық бастамаларды жүзеге асыруға және өңірлік білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.



Курстан кейінгі кәсіби сүйемелдеу жүйесінің тиімді қызметі педагогтарға үздіксіз әдістемелік қолдау көрсетіп, олардың кәсіби дамуына тұрақты мүмкіндік жасайды.



Филиал бастамаларына белсенді қатысатын серіктес мектептердің кең желісі құрылып, табысты тәжірибелер мен инновациялық педагогикалық тәжірибелердің өңір бойынша таралуына негіз болуда.




3-БӨЛІМ

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ (SWOT-ТАЛДАУ)

ӘЛСІЗ ЖАҚТАР

Курстар мен курстан кейінгі сүйемелдеу тиімділігін бағалауда жүйелі мониторинг пен талдау тетіктерінің жеткіліксіздігі байқалады.



Қызметкерлердің халықаралық жобалар мен бағдарламаларға қатысу деңгейінің төмендігі кәсіби біліктілікті арттыру және халықаралық тәжірибені меңгеру мүмкіндіктерін шектейді.

Оқытушылар құрамының академиялық дәрежесінің жеткіліксіздігі мен негізгі бағыттар бойынша сертификатталған тренерлердің болмауы кадрлық әлеуетті дамыту қажеттілігін айқындайды.



Курстарды сапалы өткізуге арналған меншікті оқу аудиториялары мен материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі филиалдың білім беру қызметін тиімді ұйымдастыруына кері әсерін тигізеді.

3-БӨЛІМ

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ (SWOT-ТАЛДАУ)

МҮМКІНДІКТЕР

2024 жылдан бастап іске асырылып жатқан «Адал азамат» бағдарламасын кең көлемде енгізу филиалдың ғылыми-зерттеу және талдамалық қызметін жаңа сапалық деңгейге көтеріп, оның стратегиялық даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.



Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы педагогтарды тәлімгерлік және проактивті сүйемелдеу жүйесін жетілдіру олардың кәсіби өсуі мен үздіксіз дамуының тиімділігін арттыруға жол ашады.



Білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша негізгі бағыттарды ғылыми-әдістемелік тұрғыда қолдауда филиалдың әлеуетін арттыру оны өңірлік құзыреттер орталығы ретінде орнықтырады.



Функционалдық сауаттылық пен XXI ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған бағдарламаларға өсіп келе жатқан сұраныс оқу курстарын жаңарту, мазмұнын байыту және жаңа форматтар енгізу үшін кең мүмкіндіктер туғызады.



ҚАТЕРЛЕР



Құндылыққа негізделген тәсілдердің орнына формалды есептілікке басымдық беру қаупі бар, мұндай үрдіс білім беру үдерісінің мазмұны мен сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.



Сапа стандарттарын сақтаудағы талаптары төмен жеке білім беру ұйымдарының бәсекелестігі артып келеді, бұл филиалдың нарықтағы позициясына, беделіне және тұрақты дамуына қауіп төндіруі ықтимал.

4-БӨЛІМ

БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЛОГЫ

1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҒЫЛЫМИ ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

МАҚСАТ:



Әдістемелік, зерттеушілік және инновациялық құзыреттерді дамыту арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде арттыру және оны білім беру процесін жетілдіруге бағыттау.

ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:



- Сарапшылар тобын қалыптастыру. Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеу және сараптау жұмыстарына қатысатын, кәсіби қауымдастықпен мойындалған оқытушылар мен әдіскерлердің білікті командасын қалыптастыру.
- Ғылыми циклді іске қосу. Ғылыми қызметтің міндет қоюдан бастап, нәтижелерді жариялау және тәжірибеге енгізуге дейінгі жүйелі циклін енгізу.
- Қолданбалы зерттеулер. Оқу мен тәрбиенің интеграциясы мәселелері бойынша, оның ішінде «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында қолданбалы зерттеулер жүргізу және нәтижелерін білім беру бағдарламаларына енгізу.
- Публикациялық белсенділік. Scopus, РИНЦ және өзге де рецензияланатын ғылыми басылымдардағы жарияланымдар санын арттыру.
- Кадрлық әлеуетті дамыту. Профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру және ғылыми дәрежесі бар қызметкерлердің үлесін көбейту.
- Халықаралық ынтымақтастық. Цифрлық білім беру, педагогикалық лидерлік және үздіксіз кәсіби даму бағыттары бойынша халықаралық конференциялар мен зерттеу бастамаларына қатысуды кеңейту.

4-БӨЛІМ

БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЛОГЫ

2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

МАҚСАТ:



Педагогтердің біліктілігін арттырудың цифрлық және адаптивті экожүйесін қалыптастыру арқылы құзыреттердің үздіксіз дамуын және кәсіби тұрақтылығын қамтамасыз ету, ресми және бейресми білім беруді, тәлімгерлікті, цифрлық шешімдерді және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялау.



ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- Білім беру процесін цифрландыру. **Онлайн-оқыту, өзіндік бағалау, деректерді талдау және адаптивті контентке негізделген цифрлық платформалар** мен құралдарды енгізу.
- Ресми және бейресми білім беру форматтарын үйлестіру. **Біліктілікті арттыру бағдарламаларын, тәлімгерлікті, супервизияны және кәсіби қауымдастықтарды өзара байланысты тұтас экожүйеге біріктіру.**
- Алдын ала және жүйелі ілеспе қолдау. **Болашақ және жас педагогтерге кәсіби бағдар беру, бейімдеу, әдістемелік сүйемелдеу және аттестаттау кезеңдерінде кешенді қолдау көрсету.**
- Адаптивтілік және жүйелік тұрақтылық. **Жүйенің технологиялық және әлеуметтік өзгерістерге жедел және икемді әрекет ету қабілетін арттыру, цифрлық және педагогикалық жаңашылдықтарды уақтылы енгізу.**
- **XXI ғасыр дағдыларына басымдық беру** – функционалдық сауаттылық, цифрлық мәдениет, сыни ойлау қабілеті, психологиялық тұрақтылық, педагогикалық көшбасшылық.

4-БӨЛІМ

БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЛОГЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 3 МЕКТЕПТЕРГЕ САРАЛАНҒАН ҚОЛДАУ

МАҚСАТ:



Мектептердің қызмет көрсету жағдайларының алуан түрлілігін, педагогикалық ұжымдардың кәсіби сұраныстарының ерекшеліктерін терең түсіне отырып, жүйелі әрі нақты бағытталған қолдау көрсету.

Айрықша назар – шетелдердегі қазақ тілінде білім беретін мектептерге аударылады. Бұл ұлттық бірегейлікті сақтаудың, тілдік ортаны нығайтудың және ана тілінде сапалы білім берудің басты кепілі.

ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:



- **Сараланған тәсілмен мектептерге ілеспе қолдау көрсету.** Әрбір мектептің білім беру контексін, кадрлық әлеуетін, әлеуметтік-экономикалық ахуалын және ресурстық мүмкіндіктерін ескере отырып, дараланған қолдау ұсыну – біздің басты қағидамыз.
- **Тәлімгер мектептер желісін құру.** Тәлімгерлік модельдер, желілік қауымдастықтар мен педагогикалық тәжірибе алмасу платформалары арқылы мектептер арасындағы көлденең байланыс пен ынтымақтастықты нығайту.
- **Ізгілікті және икемді әдістемелік қолдау.** Жай ғана бір реттік шараларға емес, білім алушылардың қажеттіліктерін үздіксіз қадағалап, оқу нәтижелерінің өзгерісіне сай жүйелі және тұрақты қолдау көрсетуге басымдық беру.
- **Шетелдегі ұлттық бірегейлікті және қазақ тілін қорғау.** Диаспорадағы мектептерге үздіксіз әдістемелік көмек көрсетіп, мәдени байланыстарды дамыту арқылы ана тілінде білім алу мүмкіндіктерін кеңейту.
- **Өңірлік және мемлекеттік білім беру саясатына үйлесімді ықпалдасу.** Білім сапасын арттыру мен білім беру мекемелері арасындағы теңгерімсіздікті жою бағытында бірыңғай стратегияны жүзеге асыру.

4-БӨЛІМ

БАҒДАРЛАМАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЛОГЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 4 ПЕДАГОГТІҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ МЕН ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЖАҚСАРУЫ

МАҚСАТ:



Педагогтердің жан-жақты кәсіби және жеке дамуы үшін жағдай жасау. Бұл – көшбасшылық және инновациялық құзыреттерді қалыптастыру, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамыту және заманауи педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде психикалық денсаулықты қолдаудың тұрақты жүйесін енгізу.



ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- **Көшбасшылық және инновациялық құзыреттерді дамыту:** Педагогтарды жобалық қызметке, тәлімгерлікке және кәсіби қауымдастықтарға белсенді қатыстыру арқылы көшбасшылық қасиеттері мен білім саласындағы өзгерістерге дайын болуын қамтамасыз ету.
- **Әлеуметтік-эмоционалдық және метадағдыларды қалыптастыру.** Эмоционалдық интеллект, эмпатия, стресске төзімділік және өзін-өзі бағалау дағдыларын тренингтер мен білім беру бағдарламалары арқылы дамыту. Бұл педагогтардың этикалық және тұрақты кәсіби мінез-құлқын қамтамасыз етеді.
- **Психикалық денсаулықты қолдау жүйесін құру.** Шаршау мен күйзелісті алдын алу бағдарламаларын енгізу, психологиялық көмек ұйымдастыру және психоэмоционалдық жағдайды диагностикалау үшін цифрлық сервистерді пайдалану. Бұл қызметтер «Ұстаз» платформасына интеграцияланып, педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуын қолдайды.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



Педагогтардың оқыту әдістемелері мен сабақ беру тәсілдеріндегі кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, сонымен қатар ғылыми және қолданбалы зерттеулерге қатысуын арттыру.



Білім беру процесінің сапасын дәлелді әдістер мен заманауи технологияларды интеграциялау арқылы жетілдіру.



Педагогтардың ғылыми-зерттеу және жобалық қызметтегі белсенділігін арттырып, кәсіби ғылыми қауымдастықты дамыту.



Кәсіби өзара әрекеттестік үшін тұрақты платформа құру, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру және үздік тәжірибелерді енгізу.



Білім беру бағдарламаларын тиімді мониторингтеу жүйесін дамыту, олардың уақтылы түзетулер мен нәтижелілігін арттыруды қамтамасыз ету.



Қызметтік біліктілікті арттыру үшін икемділік, жекелендіру және қолжетімділікті қамтамасыз ететін цифрлық оқу ортасын қалыптастыру



Педагогтардың кәсіби тұрақтылығын жүйелі қолдау мен жеке оқу траекториялары арқылы арттыру.



Тәлімгерлік тәжірибелерін кеңейту және өңірлік деңгейде тұрақты кәсіби қауымдастықтардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.



Оқыту сапасын арттыратын инновациялық білім беру модельдерін кеңінен енгізу.



Педагогтардың цифрлық сауаттылығын дамыту, жеке деректердің қорғалу деңгейін жоғарылату және цифрлық ортада қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру.



Үздіксіз өзін-өзі дамыту мен білім беру инновацияларына бағытталған икемді, цифрлық технологияларды меңгерген жаңа типті кәсіби қауымдастық құру.

Мектептерге әдістемелік қолдаудың тұрақты моделі қалыптастырылды.

Бұл модель қажеттіліктерді тұрақты түрде диагностикалау мен қолдау түрлерінің икемді форматтарын қолдануға негізделген.



Жетекші мектептер инновациялық және ресурстық орталықтар ретінде жұмыс істейді. Олар табысты педагогикалық тәжірибелерді енгізу мен тарату алаңына айналып, жас мұғалімдерді тартатын маңызды нүктелерге айналады.

Бағытталған мектептерде білім беру нәтижелерінің өсуі байқалады. Бұл нәтижелер нақты әдістемелік көмек, тәлімгерлік пен тиімді білім беру шешімдерін енгізу арқылы қол жеткізіледі.



Кәсіби педагогикалық қауымдастықтар құрылды. Олар мақсатты және инновациялық мектептердің мұғалімдерін біріктіріп, бірлескен даму, тәжірибе алмасу және жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Шетелдегі қазақ мектептерін қолдау жүйелі негізде ұйымдастырылды. Әдістемелік, тілдік және мәдени қолдаудың тұрақты арналары құрылып, шетелдік білім беру ұйымдарымен байланыстар нығайтылды.



Институт өңірлік білім беру саясатының провайдері ретіндегі рөлін күшейтті. Қазақстаннан тыс мектептерді қоса алғанда, әртүрлі деңгей мен контекстегі мектептердегі білім сапасын теңестіруге үлес қосты.



Педагогикалық көшбасшылықтың тұрақты институтын қалыптастыру.

Көшбасшылық және инновациялық құзыреттерге ие, жобалық қызметке, тәлімгерлікке және кәсіби қауымдастықтарға белсенді қатысатын педагогтардың саны артып келеді. Мұғалімдер білім беру саласындағы өзгерістердің қозғаушы күші болып, заманауи педагогикалық мәдениеттің носителі ретінде қалыптасуда.

Педагогтардың мотивациясы мен кәсіби тұрақтылығының өсуі.

Мұғалімдер өзін-өзі дамытуға ішкі ынта танытып, білім беру трансформацияларында белсенділік көрсетеді, сапаны арттыруға бағытталған бастамаларға қатысады.



Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту тәжірибелерін кеңейту.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар педагогтардың кәсіби қызметінің ажырамас бөлігіне айналып, эмпатия, педагогикалық қарым-қатынастың мәдениеті, стресске төзімділік пен кәсіби мінез-құлықтағы саналы көзқарас деңгейі артуда.

Педагогтардың психикалық денсаулығын қолдау жүйесінің жұмыс істеуі.

Білім беру ұйымдарында психологиялық қолдау кабинеттері қызмет етеді, кәсіби күйзелісті алдын алу бағдарламалары іске асырылады. Біліктілікті арттыру курстары тыңдаушылары «Ұстаз» платформасында ерікті түрде психикалық әл-ауқат диагностикасынан өту мүмкіндігіне ие.



Педагогтың әл-ауқаты мен қамқорлығына бағытталған мәдениетті қалыптастыру.

Білім беру ортасында психологиялық қауіпсіздік деңгейі артып, кәсіби даму, тұлғалық өсу және педагогтардың психикалық денсаулығын қорғау үйлесімді түрде қамтамасыз етіледі.

Институт филиалы педагогтердің жан-жақты дамуы мен әл-ауқатының моделін іске асырады. Өңірлік филиал педагогтердің кәсіби өсуі мен әл-ауқатына бағытталған заманауи тәсілдерді енгізудің орталығына айналып, оларды мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарымен ұштастырады.

